**Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай, Зайсан, Ұлан және Тарбағатай аудандарының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 18 наурыздағы N 413 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 9 сәуірдегі N 20/258-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 22 сәуірде N 2530 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, Катонқарағай ауданы мәслихатының 2008 жылғы 17 сәуірдегі № 5/57-IV шешімі және әкімдігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 3282 қаулысы, Зайсан ауданы мәслихатының 2009 жылғы 20 шілдедегі № 14-4/6 шешімі және әкімдігінің 2009 жылғы 14 тамыздағы № 826 қаулысы, Ұлан ауданы мәслихатының 2008 жылғы 12 ақпандағы № 36 шешімі және әкімдігінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 394 қаулысы, және мәслихатының 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 52 шешімі және әкімдігінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 629 қаулысы, Тарбағатай ауданы мәслихатының 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 5-10 шешімі және әкімдігінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі № 208 қаулысы негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай, Зайсан, Ұлан және Тарбағатай аудандарының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктері:

Катонқарағай ауданы бойынша:

Коробиха ауылдық округіндегі Печи ауылы Барлық ауылы, Черемошка ауылы Үшбұлақ ауылы;

Зайсан ауданы бойынша:

Айнабұлақ ауылдық округінің Октябрь ауылы Қайнар ауылы;

Ұлан ауданы бойынша:

Бозанбай ауылдық округінің Екатериновка ауылы Ақжартас ауылы; Аблакет ауылдық округіндегі Васильевка ауылы Мамай батыр ауылы, Горняк ауылы Желдіөзек ауылы;

Тарбағатай ауданы бойынша:

Жантікей ауылдық округі Ырғызбай ауылдық округі болып қайта аталсын.

2. Осы шешім мен қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Сессия төрағасы Б. Нұрасыл* | *Облыс әкімі Б. Сапарбаев* |
| *Облыстық мәслихат хатшысы В. Ахаев* | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК